



# Ел алғысын арқалаған еріктілер



**Өскеменде өңірдегі техникалық және кәсіптік білім беру студенттері арасындағы «Мейірімді жүрек» еріктілер қозғалысының слеті өтіп, жыл бойы жақсы нәтиже көрсеткен белсенді еріктілер марапатталды.**

Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Волонтерлік – жастардың өз белсенділігін көрсетіп қана қоймай, мұқтаж жандарға көмек беріп, тәжірибе жинауға, өмірлік маңызды дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін сала. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Birgemiz» атты республикалық Волонтерлер фронт-офисінің ашылу рәсіміне қатысып, еріктілердің жұмысын қызу қолдаған болатын.

Бүгінде еріктілер ауруханаларда, әлеуметтік мекемелерде жұмыс істеп, жоғалған адамдарды табуға көмектеседі, табиғи апат кезінде зардап шеккендерге қол ұшын береді. Сонымен қатар табиғи және мәдени ескерткіштерді сақтап, өңірдегі ауқымды іс-шараларды өткізуге көмектеседі. Қуанарлығы, студенттер арасындағы еріктілер саны жыл сайын артып келеді.

Облыстық білім басқармасының кәсіптік және техникалық білім бөлімінің бас маманы Гүлмира Илиясованың айтуынша, бұл шараның мақсаты – еріктілердің өзара үздік тәжірибелерімен алмасуы.

Облыс колледждеріндегі волонтерлік жұмыс волонтерлер клубы арқылы жүзеге асырылады. Өңірдегі 36 колледжде құрылған клубтардың жұмысына 12 мыңнан астам студент қатысады. Олар негізінен педагогикалық, медициналық, мәдени, әлеуметтік, экологиялық, құтқарушылық бағыттар бойынша жұмыс істейді.

Мәселен, медициналық колледждің еріктілері кәметке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жиі барып, қолдау шараларын өткізіп тұрады. Әсіресе, әлемдік пандемия кезінде жергілікті тұрғындарға белсенді көмек көрсетілді.

– Еріктілер қозғалысы – студенттерді әлеуметтендіріп, олардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастырып, ізгілікке, адамгершілікке баулитын шаралардың бірі. Волонтерлік қызметте өңірдегі барлық колледж белсенді. Студенттер мен колледж қызметкерлері облыстық Қан орталығының медицина қызметкерлерінің көмегімен өткізілетін «Донор күні» акциясына белсенді қатысады. «Үміт» балалар үйі, қарттар үйі, балабақшалар мен мектептерге, көпбалалы отбасыларына қамқорлық көрсетіп жүр, – деді Гүлмира Бейсенбайқызы.

## Белсенді жастар анықталды

Еріктілер слеті барысында Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ Жоғары ІТ колледжі мен С.Аманжолов атындағы ШҚУ Жоғары колледжінің базаларында экологиялық, әлеуметтік, корпоративтік және ІТ бағыттары бойынша шеберлік сағаттары, семинарлар мен тренингтер

ұйымдастырылып, еріктілердің түрлі жағдайда дұрыс шешім қабылдауына көмегін тигізетін психологиялық ойын-жаттығулар көрсетіліп, өзара тәжірибе алмасты.

Мерекелік концерт кезінде облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Әлима Ақылбекқызы, Аманат партиясының «Жастар рухы» жастар қанатының төрайымы Қорлан Төлеубекқызы, Жастар ресурстық орталығының директоры Данияр Жүнісов, «Үміт» балалар үйі директорының орынбасары Гүлжан Салықбаева құттықтау сөз сөйлеп, жылы лебіздерін білдірді.

**Қадірлі еріктілер! Ең алдымен, барлық волонтерлерге ризашылығымды, алғысымды білдіремін. Шын мәнінде, сіздер еліміз үшін аса қажетті, пайдалы жұмысты атқарып отырсыздар. Пандемия кезінде еріктілеріміз ешқандай қауіп-қатерге қарамай, дәрігерлерге, әскери қызметшілерге, қарапайым азаматтарға көмектесті. Бұл – нағыз ерлік! Сендерді мақтан тұтамын! Өте жақсы бастамалар көтерілді, барлығын қолдаймын.**

**Қасым-Жомарт Тоқаев,  
Қазақстан Республикасының Президенті**

Шара барысында еріктілердің жыл көлемінде атқарған жұмыстары, тың жобалары жайлы айтылып, белсенді студенттер анықталды. Сайыс қорытындысы бойынша «Үздік еріктілер қозғалысы» номинациясында Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық колледжі, «Еріктілердің ең үздік жобасы» және «Әлеуметтік желідегі ең үздік еріктілер тобы» атты екі номинация бойынша Риддер аграрлық-техникалық колледжінің еріктілері жүлделі бірінші орынға ие болды.

Үздік еріктілер білім басқармасының мақтау грамотасымен, облыстық қоғамдық даму басқармасының, Аманат партиясының жастар қанатының және «Үміт» балалар үйінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

## Балаларға оқу құралдарын сыйлады

С.Аманжолов атындағы ШҚУ Жоғары колледжінің базасында ұйымдастырылған «Корпоративтік волонтерлік» алаңында волонтерлер шет елдердегі еріктілердің іс-тәжірибелерімен танысып, еріктілерге тән қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған тренингтер мен пікір-алмасулар болды. Бұған қоса университеттегі «Dana Bala» инклюзивті білім беру орталығында «Балаларға арналған емдік массаж бен денешынықтыру», «Балалардың ұсақ моторикасын дамыту» тақырыбында білімдерін жетілдірді.

– «Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларына көмек» акциясы аясында еріктілер аталған санаттағы отбасыларына азық-түлік, кеңсе тауарлары мен балаларға арналған заттарды апарып берді. Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ардагер ұстаздарды құттықтады. «Таза қала» шарасына орай өткізілген сенбіліктерге белсене қатысып, университет пен колледж аумағында ағаштар екті. Жеңіс күні қарсаңында соғыс ардагерлері мен тыл ардагерлері де назардан тыс қалмады, – деді колледж директоры Айгүл Кылиманова.

Балаларды қорғау күні колледж еріктілері қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырып, жиналған ақшаға Кәметке толмаған жасөспірімдерді бейімдеу орталығының балаларына арнап кеңсе тауарларын, жеміс-жидектер, тағы да басқа керек-жарақ алып берген. Сонымен қатар «Үміт» балалар үйінің ауласын тазалауға көмектесті. Ал «ІТ-волонтер» бағытында еріктілер e.gov.kz платформасын қалай пайдалану керектігін үйретеді. Абай атындағы гуманитарлық колледждің ерікті жастары балабақша, мектеп, балалар үйіне барып көмектесті, ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытып, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға жәрдемдескен.

– Біз өз қалауымызбен мұқтаж жандарға көмектесіп, оларды қуантуға барынша атсалысып келеміз. Еңбегіміздің нәтижесінде олардың бақытты жүзін көреміз. Қайырымды ісіміздің жемісін көріп, алғыс алған сәтте алға ұмтылысымыз артады. Сондықтан көмек қолын созуға әрдайым дайынбыз, – дейді С.Аманжолов университетінің дене тәрбиесі және спорт мамандығының 2-курс студенті Таурат Кеңесбек.

колледж директоры Шахрам Солтанбекова.

«Нұрлы жүрек» клубының еріктілері мамандандырылған балалар үйі мен «Ақ ниет» мектеп-интернатының балаларына кеңсе тауарлары, балалар киімі және жеке тазалық құралдары түрінде қолдан келгенше көмектерін көрсетіп келеді. Сонымен қатар жалғыздікті қарияларға, көпбалалы отбасыларына азық-түлігін әкеліп, ауласының қарын тазалап береді. Еріктілер аға буынға, атап айтқанда, «Қамқор» қарттар үйінің тұрғындарына мерекелік концерт қойып, жеміс-жидек пен тәттілер, бос уақытында қолөнермен айналысуы үшін керек-жарақ бұйымдарын сыйлады. Жоғары оқу орнындағы ардагерлер кеңесіне қолдау көрсетіп, пәтерін тазалап береді.

## Отыз мың көшет отырғызды

Риддер аграрлық-техникалық колледжінің тұрақты 53 адамы бар еріктілер тобы – күші мен уақытын аямай, қоғамдағы мұқтаж жандарға көмектесіп жүрген белсенді жастардың бірі. Тамаша жұмыс істейтін команданың құрамында студенттер, колледж түлектерімен қатар оқушылар да бар.

Риддердегі алапат өрт кезінде де көмекке алғашқылардың бірі болып келіп, сол түні базада эвакуациялық пункт пен гуманитарлық пункт ашқан болатын. Аталған колледж еріктілері қылқан жапырақты ағаштарды отырғызу акциясына қатысып, сегіз гектар жерге 30 мың көшет отырғызған.

Өздерінің алдын ала жасаған жоспарлары бойынша, балабақшалардың ауласын қардан тазартып, «Салауатты өмір салты» апталығында жастарды электронды темекі шегуден бас тартуға шақырып, түрлі спорттық жарыс ұйымдастырады. Наурыз мерекесіне орай, ерекше балалар арасында ұлттық киім киген ойыншықтар жасауға үйрететін шеберлік сағаттарын өткізді.

Осындай белсенді жұмыстары үшін алған марапаттары да аз емес. Айталық, биыл студент Юрий Романченко төтенше жағдай кезіндегі баға жетпес еңбегі үшін әкімнің «Үздік волонтер» сыйлығымен марапатталды. Ал Илья Большаков «Үстаз болу – мақтаным» облыстық байқауында жүлделі екінші орынға ие болды.

– Біз үшін бұл – маңызды жеңіс және еңбегіміздің ақталғандығы. Біздің жоба 2015 жылдың 1 маусымында балаларға арналған шағын мерекемен басталған еді. Енді, міне, қазір біз волонтерліктің барлық тоғыз бағыты бойынша жұмыс істейміз. Мен еріктілер тобының әрбір мүшесіне әлемді жақсы жаққа өзгертуге деген ынтасы, қамқорлығы, адамдарға деген мейірімі мен береке-бірлігі үшін алғысымды айтамын, – дейді Риддер аграрлық-техникалық колледжінің еріктілер қозғалысының жетекшісі Надежда Меркульева.

